

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
Автоматтандыру және ақпараттық технологиялар институты



«Бекітілді»
АЖАТИ директоры
И.А.Федоренко
«27» 2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ТУ ЖОСПАРЫ
6В07108 – «АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ»
2023–2028 жж.

Негізгі білім беру бағдарламасының деңгейі
(бакалавриат, 6-деңгей)

Дайындық бағыты: 6В071 Инженерия және инженерлік іс
Білім беру бағдарламалары тобы: В063 Автоматтандыру және басқару

1. МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«БВ07108 – Автоматтандыру және басқару» модульдік білім беру бағдарламасы «Автоматтандыру және басқару» кафедрасында Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. «Білім туралы» Заңы және төмендегі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- Білім беру қызметін жүзеге асыруға арналған (мерзімсіз) мемлекеттік лицензия №KZ80LAA00018161, 05.05.2020 ж. (бастапқы лицензия №АБ0137445, 04.08.2010 ж.);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 ж. №2 бұйрығы);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР Білім және ғылым министрінің 09.06.2021 ж. №282 бұйрығы);

- Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. №152 бұйрығы, 12.10.2018 ж. №563 өзгерістерімен);

- «Ғ. Дәукеев атындағы АЭЖБУ» КЕАҚ Жарғысы;

- Ұлттық біліктілік шеңбері (әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 16.03.2016 ж. хаттамасымен бекітілген), «БВ07108 – Автоматтандыру және басқару» ББ бойынша бакалавр академиялық дәрежесі бар түлекке қойылатын талаптарды регламенттейді;

- Кәсіби стандарттар: «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету мен ендірілген жүйелерді басқару және жобалау» (ҚР ҰКП «Атамекен» Басқарма Төрағасының орынбасарының 24.12.2019 ж. №259 бұйрығына №46-қосымша), «Қосалқы жүйелерді, бақылау-өлшеу аспаптарын және автоматика құралдарын қызмет көрсету» (27.12.2019 ж. №266 бұйрығына №34-қосымша), «Жылулық автоматика құралдары мен өлшеу құралдарын пайдалану және жөндеу» (24.06.2020 ж. №132 бұйрығына №2-қосымша).

«БВ07108 – Автоматтандыру және басқару» ББ мақсаты – автоматтандыру, ақпараттандыру және технологиялық әрі техникалық жүйелерді басқару саласында білікті кадрларды даярлау.

«БВ07108 – Автоматтандыру және басқару» ББ миссиясы – өндірістік және техникалық процестерді автоматтандыру және басқару саласында жоғары білікті мамандарды даярлау.

Бакалаврларды даярлау мерзімі – 4 жыл. ББ түлектеріне «БВ07108 – Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технологиялар бакалавры дәрежесі беріледі.

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының тиімділігі Университет тарапынан SWOT-талдау жүргізу арқылы бағаланады. SWOT-талдау нәтижелері білім беру бағдарламасын жақсартуға негіз болады. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары бойынша SWOT-талдау 3-кестеде ұсынылған.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУ ТЕТІКТЕРІ

Ұзақ мерзімді жоспарлау деңгейінде білім беру бағдарламасын дамытуға арналған жалпы басым бағыттар мен стратегиялық мақсаттар айқындалып, көрсеткіштер мен индикаторлар енгізіледі. Ұзақ мерзімді жоспарлау құжаттарына: пайым (vision), миссия, стратегия, сапа саласындағы саясат және ЖОО-ны дамыту жоспары жатады. Осы

құжаттар негізінде білім беру бағдарламаларын дамытудың қысқа мерзімді жоспарлары құрылады.

Университет деңгейіндегі қысқа мерзімді жоспарлау Ғ. Дәукеев атындағы АЭЖБУ-дың сапа саласындағы мақсаттарымен, алқалы органдардың жұмыс жоспарларымен, бағдарламаларды іске асыру мәселелері ескерілетін бағыттар бойынша жылдық жоспарлармен ұсынылған. Құрылымдық бөлімшелер деңгейінде білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарлануы институттар мен шығарушы кафедралардың сапа саласындағы мақсаттарында, институттардың кешенді жоспарларында және кафедралардың жұмыс жоспарларында көрініс табады. Институттар мен кафедралар жоспарлары міндетті түрде іс-шаралардың орындалу мерзімдерін, жауапты тұлғаларды және орындалуы туралы белгі қою бағанын қамтиды. Қысқа мерзімді жоспарларға қойылатын талаптардың бірі – олардың университеттің миссиясына, стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі және қызметті жақсарту бөлімі болуы. Дәл осы жоспарлар кешені білім беру бағдарламаларын дамытудың және олардың сапасын қамтамасыз етудің негізгі тетігі болып табылады. Жоспарларда оқу-әдістемелік, практикалық-бағдарланған, материалдық-техникалық мәселелер ескеріледі. Жеке деңгейде жоспарлау ППС-тың жеке жоспарларымен ұсынылады.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- Білім беру бағдарламасын сапалы іске асыруды басқару және оқу процесін басқару тетіктерін жетілдіру;
- Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау;
- ББ-ны сапалы кадрлық қамтамасыз ету үшін жағдайларды жетілдіру;
- ББ дамуына ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің рөлін күшейту;
- ББ-ны іске асыру үшін ресурстық әлеуетті дамыту.

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ

2023–2028 жж. арналған «6B07108 – Автоматтандыру және басқару» ББ дамыту жоспары іс-шараларды, мерзімдерді, жауапты тұлғаларды және іске асыру тетіктерін көрсете отырып 1-кестеде келтірілген.

5. ББ ҮШІН ТӘУЕКЕЛДЕР ӘСЕРІН АЗАЙТУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР

2-кестеде білім беру бағдарламасын іске асыру барысында туындайтын тәуекелдерді төмендету бойынша іс-шаралар тізбесі келтірілген.

1-кесте – «6B07108 – Автоматтандыру және басқару» ББ дамыту жоспары

Қызмет бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Іске асыру тегігі	Мерзімі
1	2	3	4	5
1. ББ-ны сапалы іске асыруды басқару және оқу процесін басқару тетіктерін жетілдіру	<p>1. ББ-ны ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарымен қамтамасыз ету: МЖМБС, МҮП, РҮП және ішкі нормативтік құжаттар (Ережелер, Нұсқаулықтар (нысандар)).</p> <p>2. ББ құрылымын жетілдіру. Модульдік білім беру бағдарламасын жаңарту.</p> <p>3. ББ-ны қалыптастырудың модульдік қағидағын дамыту және жетілдіру.</p> <p>4. ББ-ның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жүйелі түрде жетілдіру</p> <p>5. Автоматтандыру және басқару саласы бойынша мамандар даярлауға тарту, өндірістік практикаларды</p>	<p>Университет басшылығы, АУ кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі.</p> <p>АУ кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі</p> <p>АУ кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі</p> <p>АУ кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі</p> <p>АУ кафедра меңгерушісі, ППС</p> <p>АУ кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ППС,</p>	<p>ҚР ҒЖБМ-ға, РУМС-қа нормативтік құжаттарды алу бойынша сұранымдар қалыптастыру.</p> <p>Талдау және стратегиялық даму департаментімен, СМЖ бөлімімен жұмыс.</p> <p>Білім беру бағдарламасының мазмұнын осы бағыт бойынша заманауи халықаралық даярлау тәжірибесін жинақтау, жұмыс берушілер талаптары және еңбек нарығы сұраныстары негізінде жыл сайын 15%-ға жаңарту. Жұмыс берушілер қажеттіліктерін, түлектердің қанағаттануын талдау және ББ нәтижелеріне қол жеткізуді мониторингтеу.</p> <p>Пәндердің логикалық және мазмұндық өзара байланысын ескере отырып модульдерді қалыптастыру. Оқытудың бірыңғай әдістемелік тәсілін қамтамасыз ету. Оқу материалының интеграцияланған мазмұнын ескере отырып, өздік жұмысқа арналған контингентті қалыптастыру.</p> <p>Жұмыс берушілер қажеттіліктерін, түлектердің қанағаттануын және ППС біліктілігін арттыруды ескере отырып оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жыл сайын жаңарту.</p> <p>Жетекші компаниялардың қатысуымен шеберлік сабақтарын, дөнгелек үстелдерді, ғылыми семинарларды өткізу. Өндірістік</p>	<p>2023–2028</p> <p>2023–2028,</p> <p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p>

	<p>ұйымдастыру және түлектерді жұмысқа орналастыру мақсатында өндірістік компаниялармен және мемлекеттік қызметтермен ынтымақтастық.</p>	<p>Практика және жұмысқа орналастыру бөлімі</p>	<p>практикаларды ұйымдастыруға қатысу. Салалардағы жас мамандарға сұранысты талдау.</p>	
<p>2. Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау</p>	<p>1. Мүдделі тараптардың ұсыныстарын ескере отырып, КЭД-ті әзірлеу және жетілдіру</p> <p>2. ББ бойынша мамандарды көптілді даярлау бағдарламасын әзірлеу және енгізу</p> <p>3. Оқытудың инновациялық әдістемелерін әзірлеу және енгізу</p> <p>4. Білім алушылардың сапалы контингентін қалыптастыру</p> <p>Білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын іске асыру</p>	<p>АУ кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі</p> <p>Университет басшылығы, АУ кафедра меңгерушісі, ББ жетекшісі, ППС</p> <p>АУ кафедра меңгерушісі, ААЖАТИ басшылығы, ББ жетекшісі</p> <p>АУ кафедра меңгерушісі, ППС, Ақпараттық технологиялар департаменті, Талапкерлерді рекрутингтеу бөлімі</p> <p>АУ кафедра меңгерушісі, ААЖАТИ басшылығы, ППС,</p>	<p>Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл. Жұмыс берушілер ұсыныстары бойынша, ҒЗЖ нәтижелері мен ППС біліктілігін арттыруды ескере отырып, модульдік оқу жоспары пәндерін жыл сайын жанарту.</p> <p>Бағдарламаларды дайындау, ППС біліктілігін және шетел тілдерін меңгеру деңгейін арттыру (2028 жылға қарай 40%-ға дейін).</p> <p>ППС біліктілігін арттыру. Кафедра мен институттың әдістемелік семинарларында оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелерін талқылау. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану.</p> <p>Кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары, сайттағы кафедра парақшасын тұрақты жаңарту, қабылдау комиссиясында ППС консультацияларын өткізу.</p> <p>Студенттерді шетелдік ЖОО-ларда оқыту және ППС тағылымдамалары. Серіктес ЖОО-лар тізімін кеңейту. Қос дипломдық білім беруді енгізу.</p>	<p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p>

3. ББ-ны сапалы кадрлық қамтамасыз ету үшін жағдайларды жетілдіру	1. PhD докторантурасында оқу, тағлымдамадан өту және ғылыми дәрежесі бар шетелдік оқытушыларды тарту арқылы ППС-тың ғылыми дәрежелілік үлесін 75%-ға дейін арттыру	АУ кафедра меңгерушісі, университет басшылығы, Ғылым және коммерцияландыру департаменті	ППС біліктілігін арттыру, жас оқытушыларды докторантураға түсуге ынталандыру, PhD докторантурасының ең құзыретті түлектерін оқытушылық және ғылыми қызметке тарту. Курстар оқу және бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын ұйымдастыру үшін шетелдік ғалымдарды шақыру жоспары.	2023–2028
4. ББ дамуына ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің рөлін күшейту.	1. Кафедрада ғылыми зерттеулерді жандандыру. Гранттық және шаруашылық-шарттық зерттеулер мен жобаларға қатысу. Бірлескен ғылыми зерттеулерді іске асыру және оқу-әдістемелік әдебиет шығару мақсатында шетелдік серіктестермен байланыстарды кеңейту. 2. Кафедра ППС ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруға қол жеткізу	АУ кафедра меңгерушісі, ППС АУ кафедра меңгерушісі, Ғылым және коммерцияландыру департаменті, ППС	ППС пен білім алушыларды бастамашыл, қаржыландырылатын ҒЗЖ-ға тарту. Инновациялық патент алуға өтінім беріп, оны қолдану, нәтижелерді оқу процесіне енгізу, жоғары импакт-факторлы және шетелдік рејингтік журналдарда жариялау арқылы инновациялық бағыттағы жұмыстар санын арттыру. Ұлттық компаниялармен және жеке кәсіпорындармен бірлесіп іске асырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламалар санын арттыру.	2023–2028
	3. Білім алушыларды ғылыми қызметке белсенді қатысуға ынталандыру және уәждеу	АУ кафедра меңгерушісі, ППС	Студенттердің республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуы. Білім алушыларды кафедралық ғылыми зерттеулерді орындауға тарту. Қаржыландырылатын ҒЗЖ-ға тартылған білім алушылар санын арттыру.	2023–2028
	4. Импакт-факторы нөлден жоғары	АУ кафедра	Thomson Reuters, Scopus халықаралық	2023–2028

	журналдарда ППС пен докторанттардың жарияланымдарын арттыру	менгерушісі, ППС	ғылыми-метрикалық дерекқорларына кіретін импакт-факторлы журналдарда ғылыми жарияланымдарды дайындау.	
5. ББ-ны іске асыру үшін ресурстық әлеуетті дамыту	<p>1. Жаңа зертханалық жабдықты сатып алу</p> <p>2. Кеңсе техникасын, ғылыми жабдықты, оқытудың техникалық құралдарын, көрнекі құралдарды және т.б. сатып алу</p> <p>3. Кафедраның ақпараттық-білім беру ресурстарын дамыту (сайт, портал, электрондық ОӘК және т.б.)</p> <p>4. ППС-ты материалдық және моральдық ынталандырудың әртүрлі нысандарын әзірлеу</p> <p>5. Жетекші компаниялар мен инновациялық жабдық өндірушілердің тақырыптық зертханаларын ашу</p>	<p>АУ кафедра менгерушісі, ППС</p> <p>АУ кафедра менгерушісі, ББ жетекшісі</p> <p>АУ кафедра менгерушісі, ППС, Ақпараттық технологиялар департаменті, АУ кафедра менгерушісі</p> <p>АУ кафедра менгерушісі, ББ жетекшісі</p>	<p>Сатып алулар бойынша жыл сайынғы жоспарлар</p> <p>Сатып алулар бойынша жыл сайынғы жоспарлар</p> <p>Университеттің ақпараттық-білім беру ресурстарын дамыту бойынша іс-шаралар</p> <p>ППС рейтингі</p> <p>Келісімшарттар жасау, аудиторияларды ұсыну.</p>	<p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p> <p>2023–2028</p>

2-кесте – Тәуекелдерді төмендету бойынша іс-шаралар жоспары

№	Ықтимал тәуекелдердің ағауы	Оларды жою бойынша іс-шаралар
1	Кәсіби пәндер бойынша мемлекеттік тілдегі жаңа оқу-әдістемелік әдебиетпен жеткіліксіз қамтамасыз етілу.	Жұмыс оқу жоспарына сәйкес кафедралардың профессор-оқытушылар құрамы тарапынан ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиетті жыл сайын шығаруды жоспарлау. ППС-тың мемлекеттік тілдегі оқу әдебиетін әзірлеу және оқу процесіне енгізу жұмысын жандандыру.
2	ББ бойынша білім алушылар контингентінің азаюы, басқа ЖОО-ларға кету	Алматы қ. және басқа өңірлердің мектептері мен колледждерінде кәсіби бағдар беру жұмысының кешенді жоспарын әзірлеу. Оқушылармен бірлескен ғылыми-білім беру жұмыстарын ұйымдастыру, оның ішінде мектептер мен колледждерде шеберлік сабақтарын, олимпиадаларды өткізу. Әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс.
3	Талапкерлердің шетел тілдерін білу деңгейінің жеткіліксіз жоғары болуы	Бірінші курс студенттері арасында шетел тілін білу деңгейіне диагностикалық тест өткізу. Студенттерді университеттің шетелдік серіктес ЖОО-ларында академиялық ұтқырлық бойынша оқуға қатысу мүмкіндігімен ынталандыру.
4	Оқуға түсу кезінде жаратылыстану пәндері бойынша білім деңгейінің төмен болуына байланысты оқыту сапасының төмендеуі	Грант бойынша ББ-ға қабылдау үшін шекті балды көтеру. Талапкерлерге дайындық курстарын өткізу. Мектептерде әлеуетті талапкерлерді іріктеу және үгіт-насихат жүргізу.
5	Қолданыстағы материалдық-техникалық базаның тез ескіруі	Заманауи жабдықты уақтылы жоспарлы сатып алу. Оқу процесінде кәсіпорындардың зертханалық базасын бірлесіп пайдалану мүмкіндігімен кәсіпорындармен келісімшарттар жасау.
6	Сабақ өткізудің дәстүрлі әдістерінің ескіруі	Оқу процесіне инновациялық оқыту технологияларын жетілдіру және енгізу. Қолданылатын оқытудың техникалық құралдарын жаңарту.
7	ППС және ғылыми кадрлардың орташа жасының ұлғаюы	Заманауи талаптарға сай магистратура және докторантура (PhD) арқылы жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау. Ғылыми дәрежесі және/немесе магистр дәрежесі бар жас кадрларды тарту. Жас мамандардың мансаптық өсуі үшін қолайлы жағдай жасау.
8	Дәйексөзделу индексі жоғары журналдарда ғылыми жұмыстар жариялау бойынша ППС белсенділігінің	ППС-тың ККСОН журналдарында және импакт-факторы нөлден жоғары шетелдік басылымдарда жарияланым жоспарын жасау. ППС-тың ҚР министрліктері мен халықаралық ұйымдар жариялаған гранттық конкурстарға (қаржыландырылатын ҒЗЖ) белсенді қатысуын

	төмендігі	қамтамасыз ету.
9	Индустриялық серіктестермен ынтымақтастық келісімшарттарының тоқтатылуы	Практика/тағылымдамадан өту және кейінгі жұмысқа орналастыру үшін саланың жетекші кәсіпорындарымен жаңа келісімшарттарды уақтылы жасасу (ұзарту мүмкіндігімен).
10	Басқа ЖОО-лармен ББ бойынша жоғары бәсекелестік	Ұлттық, өңірлік, мемлекеттік және халықаралық рейтингтерге (мысалы, «Атамекен») қатысу. Басқа ЖОО-ларда іске асырылатын ұқсас ББ-ларды талдау.

3-кесте – «6B07108 – Автоматтандыру және басқару» ББ дамыту жоспары бойынша SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілермен бірлесіп әзірленген.</p> <p>Оқытудың 4 дербес траекториясының (мамандандырудың) болуы.</p> <p>Оқу зертханаларының заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілуі.</p> <p>Әлемдік вендорлармен кафедралық құзырет орталықтарының болуы.</p> <p>Білікті ППС.</p> <p>Әртүрлі өнеркәсіп салаларындағы ірі кәсіпорындарда мол тәжірибесі бар практик-мамандарды ППС ретінде оқу процесіне тарту.</p> <p>Тұрақты қабылдау.</p> <p>Мәскеу энергетика институтымен, Қазан энергетика университетімен, Люблин қ. Политехникалық университетімен (Польша), Познань қ. Политехникалық университетімен (Польша), Анхальт университетімен (Германия) бірлескен білім беру бағдарламалары.</p> <p>Кәсіпорындар тарапынан осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандарға сұраныстың болуы және соған сәйкес түлектердің жұмысқа орналасу деңгейінің жоғары болуы.</p> <p>Зерттеу және әзірлеме нәтижелерін өндірістік процестерге енгізуге мүмкіндік беретін өнеркәсіп кәсіпорындарымен жолға қойылған байланыстар.</p> <p>Студенттерді әлеуметтік қолдау саясатының дамуы (оқу ақысына жеңілдіктер, олимпиадаларда, конкурстарда және ғылыми әзірлемелерде жеңіске жеткені үшін көтермелеу, Қамқоршылар кеңесінен төлемдер, Ғұмарбек Дәукеев гранты мен стипендиясы, сондай-ақ түлектер арнайы тағайындаған Булат Хисаров атындағы ББ стипендиясы).</p>	<p>«Атамекен» рейтингі көшбасшыларынан «Түлектердің статистикалық деректері мен жетістіктері» көрсеткіші бойынша артта қалу.</p> <p>Өңірлердің барлығында білім алушылардың практиканың барлық түрлерінен өтуіне серіктестердің болмауы.</p> <p>Халықаралық рецензияланатын басылымдардағы жарияланымдардың жеткіліксіз деңгейі.</p> <p>ППС пен практик-мамандардың қартаюы, кадрлардың жанару деңгейінің төмендігі.</p> <p>ППС-тың ағылшын тілін меңгеру деңгейінің жеткіліксіздігі</p> <p>халықаралық ынтымақтастықты кең әрі тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.</p> <p>Оқу процесін мемлекеттік және ағылшын тілдеріндегі оқу әдебиетімен жеткіліксіз қамтамасыз ету.</p> <p>Жас оқытушылар мен білім алушыларды ғылыми жобалар мен әзірлемелерді орындауға тарту, ынталандыру және насихаттау деңгейінің төмендігі.</p> <p>ППС пен білім алушылардың жарияланым белсенділігінің төмендігі.</p> <p>Студенттердің академиялық ұтқырлығының төмендігі.</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>Әлемдік вендорлармен байланыстардың болуы қуатты тренинг орталықтарын құруға мүмкіндік береді.</p> <p>Түлектерді мойындалған ұйымдар арқылы сертификаттау.</p> <p>Әлемдік компанияларда жеңілдікті шарттармен</p>	<p>Докторанттардың диссертацияларын уақтылы қорғамауы және жасы үлкен дәрежелі ППС-тың кетуі салдарынан ғылыми дәрежелілік үлесінің төмендеуі.</p> <p>Еңбек нарығындағы жылдам</p>

<p>ППС біліктілігін арттыру. Оқу траекторияларының көпқырлылығы. ББ-ның білім алушылар және басқа ЖОО-лардың жетекші ППС үшін тартымдылығы. Жас практик-мамандарды тарту. Шетелдік ЖОО-лармен және ҚР ЖОО-ларымен қос диплом бағдарламаларын енгізу. Жоғары технологиялық мамандықтарға сұраныстың өсуі оқу траекторияларын тұрақты жаңартуға мүмкіндік береді. 4-курс студенттерін ғылыми қызметке тарту: кейін магистратураға, оқытушылыққа және докторантураға түсу, сондай-ақ стартаптар ашу мақсатында.</p>	<p>өзгерістер ББ-ны түзетуді талап етеді. Зертханалық жабдықтардың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және компьютерлік парктің ескіруі. Контингенттің өсуі аудиториялық және зертханалық қордың, сондай-ақ ППС санының тапшылығын тудыруы мүмкін. Контингенттің артуы аясында өңірлерде практика орындарымен байланысты мәселелер. Білім және ғылым саласындағы нормативтік реттеудің жиі өзгеруі. Мектеп оқушылары мен колледж түлектерінің дайындық деңгейінің төмен болуына байланысты контингент сапасының нашарлауы. Білікті оқытушылар мен ғалымдардың жоғары табысы бар басқа (коммерциялық) салаларға және басқа ЖОО-ларға кетуі. Күшті білім алушылардың басқа, соның ішінде шетелдік ЖОО-ларға кетуі.</p>
--	---

АУ кафедрасының меңгерушісі



Абжанова Л.К.

ББ жетекшісі
«6В07108 – Автоматтандыру және басқару»



Сябина Н.В.